



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

27.07.2022 ж.

№598

**Нұр-Сұлтан қаласының білім беру
мекемелерінде «Жалпыны міндетті оқыту»
және «Мектепке жол» акциясы
бағдарламасын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) 2022 жылғы 18 шілдедегі №6-15-2/3100-И хатына сәйкес оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде аз қамтылған және көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету және білім беру ұйымдарына әлеуметтік себептермен балалардың мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында және балалар Жылын іске асыру аясында БҰЙЫРАМЫН:

- 2022 жылдың тамызынан бастап «Жалпыны міндетті оқыту» бағдарламасын бастама беріліп, «Мектепке жол» республикалық акциясы жалғастырылсын;

- жаңа жиынтықты ескере отырып, мектепке бармайтын балаларды, көмекке мұқтаж балалардың деректер банкін анықтау мақсатында мектептердің әлеуметтік паспорты қалыптастырылсын;

- Нұр-Сұлтан қаласының аудандық полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімдерінің қызметкерлерімен бірлесіп (келісім бойынша) дәлелсіз себептермен мектепке бармайтын балаларды анықтау мақсатында «Жұмыспен қамту», «Түнгі қаладағы балалар» (қоғамдық орындар, компьютерлік клубтар) рейдтері ұйымдастырылып, өткізілсін;

- «Балаға мейірім сыйла!», «Ауыл балаларына мектепке деген сыйлықтар», «Отбасы отбасына көмектеседі: баланы мектепке жинайық!» қайырымдылық акциялары өткізілсін;

- мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз ету мәселелері бойынша әлеуметтік педагогтар мен мектеп директорларының орынбасарлары үшін кеңестер ұйымдастырылсын;

- азаматтардың өтініштеріне жедел жауап беру үшін «Жедел желілердің», «Сенім» телефондарының, қоғамдық қабылдау бөлмелерінің үздіксіз жұмысы қамтамасыз етілсін;

- мектепке дайындық кезінде қолдауға мұқтаж оқушыларды толық қамту үшін атаулы көмек көрсету мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы аудандарының әкімдіктерімен, мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, бизнес-құрылымдармен тығыз өзара байланыс орнатылсын;

- демеушілер мен меценаттарды тарту бойынша жұмыстар жүргізілсін;

Бұйрықтың орындалуын бақылау Нұр-сұлтан қаласы білім басқармасының кәмететке толмағандардың құқықтарын қорғау бөлімінің басшысы Л. ж. Орынбасароваға жүктелсін.

Басшының м.а.



М. Каирбаева

Орын: К.Шамшиев
тел: 55-69-60
kuttum_kenes@mail.ru

